

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JGSV3296>

***Т. Б. Килыбаев¹, Б. Молдағали², Ш. А. Акимбекова³**

^{1,2,3}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МӘНМӘТІНІНДЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XXI ғасыр ғылым мен білім берудегі қарама-қайшылықтардың жаһандануымен, олардың адамзаттың жалпы мәселелерімен байланыстарының күшеюімен сипатталады. Қазіргі әлемдік ғылым-білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптары бойынша оқу процесінің басты тұлғасы, субъектісі – білім алушылардың функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі болып саналады. Ғаламдық кеңістіктегі ғылым-білім саласындағы ортақ мәселенің бірі – академиялық жазылымға келіп тіреледі. Тілді жақсы білу академиялық жазылым дағдысын автоматты түрде жақсы игереді дегенді білдірмейді.

Академиялық жазылым көп жағдайда тек жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жоғары білім беру жүйесінде қызмет етуші зерттеушілерге ғана керек дүние ретінде қабылданады. Кез-келген ғылымның дамуы қазіргі таңда оқшауланған стильде емес, керісінше жаһандық деңгейде өзге елдердегі ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен таныса отыра дамуды көздейтін ерекше құбылыс. Бұл әлемдік ғылымның берік ұстаным отырған заманауи тренді. Әрине, осы орайда жаһандық тіл – ағылшын тіліндегі тың жұмыстармен танысу әрі оларды пайдалану академиялық жазылымның негіздерін, басты принциптерін білуді талап етеді. Бұл мақалада авторлар академиялық жазылым ұғымына тереңірек үңіліп, оны зерделеп, қазақстандық заманауи білім беру жүйесіндегі болашақ ғалымдардың бойында дағды ретінде қалыптасу ерекшеліктерін қарастырды. Сонымен қатар академиялық жазылымның білім мен ғылымды тоғыстыратын әмбебап форма екендігі алға қойылды.

Академиялық жазылым мәтіндік коммуникацияның фрагменті және мәтін түзілімінің белгілі бір типі, мұнда субъект өзінің негізгі коммуникативтік әрекетінің мақсатына сай өз стратегиясын қалыптастырады. Академиялық жазылым лингвистикамен, герменевтикамен, психолінгвистикамен, әлеуметтанумен, прагматикамен байланысады. Осылардың бәрі кешенді түрде автор мен адресаттың қарым-қатынасы мәселесіне жасауға береді. Өйткені академиялық жазылым коммуникацияның ерекше формасы ретіндегі академиялық мәтін концепциясын жасаумен байланысты. Осыған орай, бұл жұмыстың авторлары академиялық мәтін, дискурс пен мәнмәтінді тұтастықта қарау оны жүйелі түрде зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашатынын айқындады.

Кілтті сөздер: академиялық жазылым, жазылым дағдысы, дағды, білім беру жүйесі, жазу.

Кіріспе

XXI ғасыр ғылымдағы коммуникация нысандары мен әдістеріне де, ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың сипаты мен мазмұнына да өзгерістер енгізуде. Мектеп оқушысынан бастап профессорға дейін халықаралық басылымдарда мақала жариялауға деген ұмтылысының күрт өсуі академиялық жазылымды қалыптастыру қажеттілігін көрсетіп берді. Егер әлемде XX ғасырда, ал көршілес ел – Ресей университеттерінде 2015 жылдан бастап «Академиялық жазылым» орталықтарының көптеп ашылуы, біздің елімізде 2020-2021 оқу жылынан бастап барлық жоғары оқу орындарының докторантура деңгейіне осы аттас пәннің міндетті компонент ретінде енгізілуі аталған мәселенің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп қана қоймайды, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдірудің ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Мақала авторлары 2021 жылы қыркүйек-қазан айларында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті көлемінде оқытушылар мен студенттер арасында «Университеттің ғылыми әлеуеті: қазіргі ахуалы мен даму болашағы» атты әлеуметтанулық зерттеу жүргізіп, алынған эмпирикалық мәліметтер негізінде шетелдік ғылыми басылымдарды оқу және пайдалану үшін академиялық дәрежедегі ағылшын тілінің қажеттілігінің бар екенін, шетелдік баспаларда ғылыми мақала жариялау академиялық жазылым дағдыларының болуын талап ететінін көрсетті. Аукымды зерттеуге 625 оқытушылық құрам мен 4000-нан астам студент қатысты [1, 52].

Қазіргі уақытта әлемдік қоғамдастық академиялық дискурсқа ерекше мән береді. Шындығында, интернеттегі материалдар адамның білімін

толықтыру, жетілдіру, дамыту үшін қажет болатын. Ал енді ол материалдарды көшіріп алып, өз мақсатына жаратар болса, одан білім алушының біліктілігі де артпайды, білімі де толықпайды. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін ғаламтор материалдарын пайдаланушыларға, білімдерін толықтырушыларға академиялық жазуды үйрету керек. Яғни алынған білімді қалайша өздігінше қорытып, ойын жүйелеп: кіріспесін, негізгі бөлімдерін айқындап, анықтап, дәлелдемелерін келтіріп, қорытындылап, өз ойымен әдіптеп жазудың теориясы мен практикасымен таныстыру қажет. Демек, академиялық жазудың дәл қазіргі кездегі білім алушыларға, іздеушілерге пайдасы мен маңызы ерекше деп санаймыз. Осы ретте мақала авторлары ҚазҰПУ жас зерттеушілеріне (студенттер, магистранттар, докторанттарға) арналған көптеген онлайн вебинарлар өткізді. Бұл вебинарларда академиялық жазаламның негізгі принциптерін пайдалана отырып, шетелдік баспаларға мақалалар дайындау ерекшеліктері көрсетілді. Аталған іс-шаралар постдокторлық бағдарлама стипендиаттарының жыл бойы өткізетін жұмыстардың жоспарына еніп, әлі күнге дейі жалғасын табуда. Басты мақсат жазылым дағдысының білімді ғылыммен тоғыстырушы құрал екенін көрсету, үйрету.

Үшінші мыңжылдықтағы жаңа технологиялар тасқыны ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт кедергісін жеңетін жаңа техника түрлерін ойлап табудың жоғары деңгейінде келеді. Осымен байланысты ауызша коммуникацияның жетілген технологиясы бүгінгі кезеңінде жазудың адамзат өркениеті үшін атқарар қызметі зор [1]. Бұл жөнінде А.Байтұрсынұлы 1914 жылы жарық көрген еңбегінде: «Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген еді [2, 141-142].

Ағылшын ғалымы Роберт Баррас (Robert Barrass) жазудың маңыздылығын төмендегі үш күш айқындайтынын көрсетеді: жазу ойлауға (ойлануға) көмектеседі, жазу байқауға көмектеседі, жазу еске түсіруге (есте сақтауға) көмектеседі [3, 8-15]. Ғылым мен білім беруді тоғыстыратын жазу процесінің күрделі түрінің бірі - академиялық жазылым.

Материалдар мен әдістері

«Академиялық жазылым» қазақ тіл білімінде ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болды. Қазақстандағы академиялық жазылымға байланысты зерттеулердің пайда болуына Ресейдегі және әлемдегі интеграциялық процестер, академиялық жазуға байланысты туындаған зерттеулер мен ізденімдік жұмыстар әсер етті. 1990-2000 жылдары жүргізілген жаһандану жағдайында халықаралық зерттеулерде, әсіресе, ағылшынтілді ортада академиялық дискурстың ғылымилығы туралы мәселенің маңызына айырықша мән береді. Ал шетелдерде бұл мәселеге ертерек мән берілген.

Айталық, Гарвард университетінде жазу негіздерін үйрету 1872 жылдан басталып, күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.

Сонымен, қазақстандық қазіргі білім беру жағдайында академиялық жазылымды оқыту мәселесі әлі де бастапқы сатыда, өйткені оқытуды ұйымдастыру, стандарттар мен оқыту үлгілері, тіпті қолданылатын ұғымдардың мағынасы туралы консенсус жоқ.

Посткеңестік мемлекеттерде академиялық жазылымды қалыптастыру, негізінен, бір бағытқа айырықша мән береді. Ол – білімгердің ағылшын тіліндегі академиялық жазу дағдысын қалыптастыру мәселесі. Бұл жөнінде ресейлік ғалымдардың арасында басқаша да пікірлер бар: «В российских вузах академическое письмо преимущественно преподается студентам лишь в рамках дисциплины «Английский язык для академических целей». В данном курсе письмо выступает одним из ведущих видов деятельности, и то, насколько хорошо студенты демонстрируют владение навыками и умениями английской письменной речи, напрямую влияет на их академическую успеваемость. Но одной из ключевых проблем, с которыми сталкиваются многие преподаватели английского языка, является недостаточная сформированность академической грамотности на родном языке» [4, 185]. Расында да ана тілінде академиялық жазылым дағдысы қалыптаспаған білімгерлерден шетел тілінде сапалы жұмыс талап ету қаншалықты дұрыс? Сондықтан мақала авторлары білімгерлерді қазақ тіліндегі академиялық жазылымға төселдіру бірінші маңызды міндет деп санайды. Елімізде бұл мәселемен санаулы ғалымдар ғана айналысып жүр. Ф.ғ.к. Е. Оспановтың 2018 жылы жарық көрген «Академиялық жазылым» атты еңбегі академиялық жазылымның ерекшеліктері, тақырып таңдау, жазылым әрекеті, гипотеза ұсыну, плагиаттық және одан сақтану сияқты маңызды мәселелерді өте қысқа әрі тұжырымды жеткізуімен ерекшеленеді [5]. Академиялық жазылымның бір тармағы – ғылыми мақала жазуға қатысты ф.ғ.д. профессор С. Әлісжановтың мақаласы бар. Ғалым осы мақалада студенттерді ғылыми мақала жазуға баулуда үш дағдыға мән беру қажеттілігіне тоқталады: 1) Жазуға дейінгі дағдылар; 2) Жазу кезіндегі дағдылар; 3) Жазудан кейінгі дағдылар. Мақала жазу барысында студенттің жазу біліктілігін арттыратын негізгі тәсілдер ретінде анықталған бұл мәселелердің әрқайсысына сипаттама берілген [6]. Сондай-ақ елімізде орыс, ағылшын тілдерінде академиялық жазылымды жетілдіруге бағытталған аз болса да еңбектер бар. Соның бірі А. А. Баяхметова мен М. Ж. Дусенбиналардың авторлығымен жарық көрген «Академическое письмо. Язык и стиль академического письма» оқу құралында орыс тілінде ғылыми мәтіндерді құру және жобалау дағдыларын жетілдіру (тезистер, мақала, дипломдық жұмыс, диссертациялық зерттеу) мәселелері қарастырылады [7]. Аталған жұмыстардан жобаның басты айырмашылығы

– сабақтастық принципіне негізделеді. Өйткені академиялық жазылым тек жоғары оқу орнынан басталмайды, бұл жұмыстың іргетасы мектепте қаланады. Сондықтан бұл мақалада академиялық жазылымды оқытудың мектеп-университетте оқытудың деңгейлері анықталып, әр деңгейге қойылатын талаптар мен бағалау өлшемдері ұсынылады. Ресей мемлекетінде бұл мәселелермен түбегейлі айналысып жүрген ғалымдар баршылық. И. Б. Короткинаның «Теория и практика обучения академическому письму в зарубежных и отечественных университетах» атты зерттеуі мен В. Н. Базылевтің «Академическое письмо. Теоретические и прикладные аспекты» еңбектерін атап өтуге болады. И. Б. Короткина жоғарыдағы зерттеуінде бүкіл зерттеушілік құзыреттіліктердің ішінде академиялық жазылым басты рөл атқаратынын дәйектей келе, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен университеттердің бағдарламаларына компаративті аспектіде талдау жүргізіп, ғылыми жарияланымдық мақсаттағы академиялық жазылымға оқытудың билингвалды тәсілін, пәннің ұғымдық аппаратын ұсынады [8]. Ал В. Н. Базылевтің еңбегі студенттің өзіндік ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды екі аспектіде қарастырады: теориялық және әдістемелік. Еңбекте оқу жоспарының университеттік жүйесіндегі пәннің мәртебесі және оны оқыту принциптері айқындалған [9].

Ағылшын профессоры Кен Хиландтың «Writing in the university: education, knowledge and reputation» («Университеттегі жазылым: білім беру, білім және репутация») мақаласы – ең көп сілтеме жасалған мақалалардың бірі. «Біздің жазбамыз біздің ойымыз болып табылады және біз пән бойынша әріптестерімізбен сөйлесу мен дәлелдер келтірудің өзіндік жолдарын түсінуіміз керек, өйткені тіл арқылы академиктер мен студенттер өз пәндерін тұжырымдап, олардың талаптарын сенімді түрде дәлелдейді», - дей келе, қазіргі университеттердің тек білім берумен айналысу ғана емес, кәсіби академиялық мансап туралы келіссөздер жүргізу орталығына айналу қажеттігіне мән береді [10]. Бұл, әрине, қазіргі өз миссиясын қайта қарастырып жатқан қазақстандық университеттердің де басты нысаны.

Рене Тетцнер «Academic Writing Examples for a Publishable Research Article» еңбегінде рецензияланатын журналда жоғары сапалы академиялық немесе ғылыми мақала дайындау үшін қажетті жазылым формальды жазылымның мамандандырылған түрі екендігіне мән бере отырып, жоғары сапалы академиялық немесе ғылыми мақала шығару үшін қажетті академиялық жазылымға қалай қол жеткізуге болатынын көрсетеді [11]. Оның эксперт ретіндегі ғылыми зерттеулерді журналдарда жариялау мәселелері бойынша сараптамалық кеңестері мен басылым қызметтерін сараптау және түзету бойынша бай тәжірибесінен үйренеріміз мол.

Сонымен қатар АҚШ, Англия және Венгрия, Белорусия мемлекеттері мен Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Қазан қалаларындағы университеттік академиялық жазылым орталықтардың тәжірибесіне де сүйенуге болады. Мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің оқытушылары дайындаған академиялық жазылым пәнінің жұмыс бағдарламалары мен электронды ресурстарға тиісті талдау нәтижелері бұл жобаның сәтті жүзеге асуына септігі тиетіні сөзсіз.

Нәтижелер және талқылау

XXI ғасыр ғылым мен білім берудегі қарама-қайшылықтардың жаһандануымен, олардың адамзаттың жалпы мәселелерімен байланыстарының күшеюімен сипатталады. Қазіргі әлемдік ғылым-білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптары бойынша оқу процесінің басты тұлғасы, субъектісі - білім алушылардың функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігі болып саналады. Ғаламдық кеңістіктегі ғылым-білім саласындағы ортақ мәселенің бірі – академиялық жазылымға келіп тіреледі. Тілді жақсы білу академиялық жазылым дағдысын автоматты түрде жақсы игереді дегенді білдірмейді. Академиялық жазу мектепте басталады, десек те көлемді және дәйекті мәтін жазу тәжірибесі алғашқы студенттік жұмыстардан басталып, әр оқу сағысына өткен сайын күрделене түседі.

Осы орайда Қазақстанда орта білім беру жүйесінде 2016 жылдан бері қолданылып жатқан жаңартылған білім беру мазмұны туралы сөз қозғау қажет. Аталған технология 7 модульдік оқыту бағдарламасын қамтиды. Оқытудың бұл моделі Кембридж университетімен ұсынылған және жаңартылған білім беру мазмұнының іргелі негізі болып табылады, ол еліміздің жетекші зияткерлік мектептерінде сәтті қолданылуда. Бағдарлама келесі модульдерден тұрады: оқыту мен оқытудың жаңа тәсілдері, сыни ойлауды оқыту, оқыту мен оқуды бағалау үшін бағалау, оқыту мен оқудағы АҚТ қолдану, дарынды және ерекше білім беру қажеттелегі бар балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, және білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. Жалпы алғанда, бұл модель білім беру процесінің дәстүрлілігін айналып өтпей-ақ, оқытудағы барлық қажетті өзекті әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Бірақ оған қарамастан, инновациялық-интеграцияланған оқытуды сәтті қолданатын тәжірибелер де бар, олар пән бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуды ескере отырып, сандық оқытуға толық енуден тұрады. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес тілдерді меңгеруде төрт дағдыны, соның ішінде жазылым дағдысын қалыптастыру және оны спираль тәріздес жыл сайын күрделене отыра дамыту қарастырылған. Пәнаралық байланыс орнату ортақ тақырыптарды меңгерту арқылы жүзеге асырылған.

Бұл ретте оқу мақсаттарына жетуде жазылым дағдысын пайдалануға ерекше көңіл бөлінеді.

Қорытынды

Америка, Еуропа, Канада, Англия, Ресей т.т. сияқты әлемнің бірқатар елдерінде академиялық жазылым мәселесі күн тәртібіне шығарылды, жоғары оқу орындарында бұл жұмыс түрлі форматта жүргізіле бастады. Әйтсе де Қазақстанда жекеленген оқу орындарында дербес пән ретінде оқытыла бастағанына көп бола қойған жоқ. Білім алушылар жұмысында кездесетін академиялық адалдық тәртібінің сақталмауы, тілдік құралдарды дұрыс пайдаланбау, мәтіннің ұйымдастырылуының жанрға сәйкес келмеуі, лексика-синтаксистік құрылымдарды дұрыс пайдаланбау салдарынан функционалдық стиль талаптарына сәйкес келмеуі, дәйексөздер мен дереккөздерді дұрыс қолдана алмау салдарынан плагиатқа жол беру, тиісті тұжырымдар мен қорытындылар жасаудағы стильдік ауытқулар мұны болдырмауға бағытталған кешенді жұмыстар жүргізу қажеттігін көрсетеді. Сондықтан академиялық жазудың жолдарымен таныстырып, үйрету – қазіргі күннің талабы болып отыр. Әсіресе академиялық жазылым дағдысы мектеп жасынан бастап болашақ ғалымдардың бойына сіңірілуі керек. Бұл білім алушыларға академиялық сауаттылықтың базалық біліктерін дамытуға, өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуге, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға және қолдануға, кәсіби сипаттағы жауапты шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін әмбебап зияткерлік құзыреттіліктерін қалыптастырады. Қарапайым эссе жазуды үйрету оларға университет қабырғасында өз ойын жүйелі түрде жеткізе алуға септігін тигізеді. Алғашқы зерттеу дағдыларын практикалық сабақтарда қалыптастыру да жазылым арқылы, дәлірек айтқанда зерттеу тақырыбын, жоспарын, гипотезасын жазу арқылы жүзеге асады.

Жоғары білім беру жүйесіне келсек, биылғы оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі тарапынан докторантураға міндетті пән ретінде «Академиялық жазылымның» енгізілуі де мәселенің өзекті екендігін нақтылай түседі.

Академиялық жазылым докторанттардың жиі кездесетін ең қиын проблемаларының бірі болып есептеледі. Өз ойын нақты дәлелдер арқылы қысқа да нұсқа жеткізе білу кез-келген саланың ғалымына қажет дағды. Себебі қазіргі таңда ғалымның мансабы өз зерттеу нәтижелерін мықты ғылыми басылымдарда жариялаумен байланысты.

Ж. Трзецияк және С. Маккей ғалымдарының пайымдауынша тиімді академиялық жазылым келесілерден тұрады: 1) қажетті мәліметтерді табу үшін зерттеу мәтіндерін тиімді меңгеру қабілеті; 2) қағазға түртіп отыру және жалпылау дағдылары; 3) әртүрлі дереккөздерден келген материалдарды

талдай алу қабілеті; 4) жазу этикасын және плагиат мәселелерін түсіну; 5) сілтеме жасау стандарттарын білу күзiреттілігі; 6) жазу барысында мәтіннің жүйелі құрылымын білу – мәтін, кесте, сурет және тағы басқа элементтерді қоя алу қабілеті [11].

Демек, жазылым дағдысы қарапайым мәтін мен күрделі ғылыми ақпараттарды бір жүйеге келтіре отыра, логикалық жалғастықты сақтай отыра идеялар мен ойларды нақты, аргументтер мен дәлелдер арқылы жеткізуге көмектеседі. Шындығына келгенде жоспар құру, тікелей кеңес пен кері байланыс алу арқылы өз мәтіннің жобасын жазу және оны үнемі өзгертіп отыру біздерге таңсық зат емес. Алайда қазіргі таңдағы басты қажеттілік – жоғары рейтингті басылымдарда ғылыми жұмысты жариялау жаһандық ғылымның негізгі талаптарының бірі екенін түсіну қажет. Scopus, Web of Science сияқты деректер базасына ену және ол жерден шығып қалмау мақсатында басылымдар өз талаптарын жыл сайын күшейтуде. Сондықтан академиялық жазылымның негізгі принциптерін ескере отыра ғылыми жұмыстарды жазу көптеген практиканы талап етеді. Ал практика өз кезегінде қайталана келе дағдыға айналытынын барлығымыз білеміз. Мақала авторларының пікірінше, академиялық жазылым дағдыларының төмен болуы академиялық дәрежедегі ағылшын тілін білмеуде емес, бірінші кезекте академиялық жазылым негіздерін (мәтін құрылымын, жазылу принциптерін және т.б.), этика мен плагиат мәселелерін толық түсінбеуде. Қорыта келе, отандық білім беру жүйесінде академиялық жазылым бойынша жоғары нәтижелерге жетудің бірден-бір жолы ағылшын тілінде ойланып, мәтін жаза алатын тұлғаларды емес, ана тілінде жүйелі, нақтыланған түрде ойын талдап, қорыта алатын тұлғаларды тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Хамзина, Ж. А., Килыбаев Т. Б., Сафронова, Л. Н.** Оценка кадрового потенциала в сфере научных исследований в вузе: текущее состояние и перспективы развития [Текст] // Педагогика и психология. – 2022. – № 1(50). – С.44–62:

2 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

3 **Barras, R.** Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. – London, 2003. – 119 p.

4 **Смирнова, Н. В., Щемелева, И. Ю.** Роль письма в современном университете: анализ зарубежной практики обучения академическому письму [Текст] // Вестник СПбГУ. – 2015. – № 2. – С. 185–197

5 **Оспанов, Е. Е.** Академиялық жазылым [Мәтін]. «Экономика» баспасы, 2018. – 120 б.

6 **Әлісжан, С.** Ғылыми мақала жазуға баулудың жолдары / [Электронды ресурс]. – <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/179?locale-attribute=kk>

7 **Баяхметова, А. А., Дусенбина, М. Ж.** Академическое письмо. Язык и стиль академического письма : учебное пособие [Текст]. – Костанай : КГУ имени А. Байтұрсынова, 2019. – 106 с.

8 **Короткина, И. Б.** Академическое письмо: процесс, продукт и практика : учебное пособие. [Текст]. – М., 2017. – 350 с

9. **Базылев, В. Н.** Академическое «письмо». Теоретические и прикладные аспекты : монография : [Текст]. — М. : ФЛИНТА, .— 2016. — 160 с.

10 **Hyland, K.** Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text] // Language Teaching. – 2013. – 46 (1). – 53–70 p.

11 **René, T.** Academic Writing Examples for a Publishable Research Article / [Electronic resource]. – <https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academic-writing-examples-publishable-research-article/>

References

1 **Hamzina, J. A., Kilybaev T. B., Safronova, L. N.** Osenka kadrovogo potentsiala v sfere naýchnyh issledovanı v výze: tekýshee sostoianie i perspektivy razvıta [Assessment of human resources in the field of scientific research at the university: current status and development prospects] [Text] // Pedagogika i psihologia. – 2022. – № 1(50). – S.44–62:

2 **Baitursynov, A.** Til taǵylymy [Language training] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1992. – 448 b.

3 **Barras, R.** Scientists must write. A guide to better writing for scientists, engineers and students. Routledge [Text]. – London, 2003, – 119 p.

4 **Smirnova, N. V., Shemeleva, I. Iy.** Rol pisma v sovremennom ýniversıtete: analiz zarýbejnoi praktiki obýchenia akademicheskomy pismý [The role of writing in a modern university: analysis of foreign practice of teaching academic writing] [Text] // Vestnik SPbGÝ. – 2015. №2. S.185-197

5 **Оспанов, Е. Е.** Академиялық жазылым [Academic writing] [Text]. «Экономика» баспасы, 2018. – 120 б.

6 **Алісжан, С.** Ғылыми мақала жазуға баулыдыñ жолдары [Ways to get involved in writing a scientific article] / [Elektronды resýrs]. – <https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/179?locale-attribute=kk>

7 **Баяхметова, А. А., Дýсенбина, М. Ж.** Академическое письмо. Язык и стил академического письма : ýчебное posobie [Academic writing. Language

and style of academic writing : a tutorial] [Text]. – Kostonai : KGÝ imeni A. Baitýrsynova, 2019.- 106 s.

8 **Korotkina, I. B.** Akademicheskoe pismo: proses, prodýkt i praktika : ýchebnoe posobie [Academic Writing: Process, Product and Practice :a tutorial]. [Text]. – Moskva, 2017. – 350 c

9 **Bazylev, V. N.** Akademicheskoe «pismo». Teoreticheskie i prikladnye aspekty : monografiya [Academic «letter». Theoretical and applied aspects : monograph] [Text]. — Moskva : FLINTA, .— 2016. — 160 s.

10 **Hyland, K.** Writing in the university: Education, knowledge and reputation [Text] // Language Teaching. – 2013. – 46 (1), 53-70 p.

11 **Rene, T.** Academic Writing Examples for a Publishable Research Article / [Electronic resource]. – <https://www.proof-reading-service.com/en/blog/academic-writing-examples-publishable-research-article/>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Т. Б. Кильбаев¹, Б. Молдағали², Ш. А. Акимбекова³

^{1,2,3}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ АКАДЕМИЧЕСКОГО ПИСЬМА В КОНТЕКСТЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

XXI век характеризуется глобализацией противоречий в науке и образовании, усилением их связей с общими проблемами человечества. В современном мировом научно-образовательном пространстве главной фигурой, субъектом образовательного процесса по требованиям международных стандартов является функциональная грамотность и конкурентоспособность обучающихся. В глобальном научном пространстве одна из общих проблем сферы образования и науки есть академическое письмо. Хорошее знание языка не означает, что навык академического письма автоматически будет хорошо усвоен человеком.

Академическое письмо в большинстве случаев воспринимается как вещь, которая необходима только для преподавателей и студентов высших учебных заведений, исследователей, работающих в системе высшего образования. Развитие любой науки в настоящее время представляет собой не стиль отчуждения, а уникальное явление,

которое может развиваться на глобальном уровне, предполагающее знакомство с результатами научных исследований ученых из других стран. Это современный тренд мировой науки. Конечно, изучение и использование современных научных работ на глобальном языке – английском – требует знания основ, основных принципов академического письма. В данной статье авторы углубились в понятие академического письма, изучили его и рассмотрели особенности формирования навыков у обучающихся – будущих ученых в современной казахстанской системе образования. Также было показано, что академическое письмо является универсальной формой, которая объединяет образование и науку, имеющих неразрывную связь друг с другом.

Академическое письмо является фрагментом текстовой коммуникации и определенным типом текстообразования, где субъект формирует свою стратегию в соответствии с целью своей основной коммуникативной деятельности. Академическое письмо тесно связано с лингвистикой, герменевтикой, психолингвистикой, социологией, прагматикой. Все это в комплексе отвечает проблеме взаимоотношений автора и адресата. Ведь академическое письмо связано с разработкой концепции академического текста как особой формы коммуникации. В этой связи авторы данной работы установили, что рассмотрение академического текста, дискурса и контекста в целостности открывает новые возможности для его систематического изучения.

Ключевые слова: академическое письмо, письменные навыки, навыки, система образования, запись.

**Т. В. Kilybaev¹, В. Moldagali², Sh. A. Akimbekova³*

^{1,2,3}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 08.09.22.

THE FORMATION FEATURES OF ACADEMIC WRITING SKILLS IN THE CONTEXT OF THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

The XXI century is characterized by the globalization of contradictions in science and education, the strengthening of their links with the common problems of humanity. In the modern world scientific and educational space, the main figure, the subject of the educational process according to the requirements of international standards is functional literacy and

competitiveness of students. In the global scientific space, one of the common problems of education and science is academic writing. A good knowledge of the language does not mean that the skill of academic writing will automatically be well mastered by a person.

In most cases, academic writing is perceived as a thing that is necessary only for teachers and students of higher educational institutions, researchers working in the higher education system. The development of any science at present is not a style of alienation, but a unique phenomenon that can develop on a global level, involving familiarity with the results of scientific research by scientists from other countries. This is a modern trend in world science. Of course, the study and use of modern scientific works in a global language – English – requires knowledge of the basics, the basic principles of academic writing. In this article, the authors delved into the concept of academic writing, studied it and examined the features of the formation of skills among students – future scientists in the modern Kazakh education system. It was also shown that academic writing is a universal form that unites education and science, which are inextricably linked with each other.

Academic writing is a fragment of textual communication and a certain type of text formation, where the subject forms his strategy in accordance with the purpose of his main communicative activity. Academic writing is closely related to linguistics, hermeneutics, psycholinguistics, sociology, and pragmatics. All this in a complex meets the problem of the relationship between the author and the addressee. After all, academic writing is associated with the development of the concept of academic text as a special form of communication. In this regard, the authors of this work have established that the consideration of the academic text, discourse and context in its entirety opens up new opportunities for its systematic study.

Keywords: academic writing, writing skills, skills, education system, record.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz